

**ҚЫС КАРТОТЕКАСЫ**  
**ЕРТЕ ЖАС ТОБЫ**



*Картотека № 1*  
*Боранды бақылау.*

*Мақсаты: Боран үйтқып соққан жедің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру.*

*Жұмбак: Қанаты жсоқ ұшады,*

*Аяғы жсоқ желеді,*

*Ауызы жсоқ ұлиды. (Боран).*

*Күмылдық ойын: «Байқап қал».*

*Мақсаты: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.*

*Жеке жұмыс: «Мен сыпайы баламын».*

*Мақсаты: Айналаңдағы адамдарға ілтипатпен қарау.*

*Киналған кезде көмектес, сөйлескенде сыпайы бол.*

*Айғайлама, сөзді бұзба, басқаларды тыңдай біл, қозамдық, орындарда даурықта! Осы ережелерді сақтай отырып балаларды сыпайыгершілікке, адамгершілікке баулу.*

*Еңбек: «Таза жолдар».*

*Мақсаты: Ауладағы жолды қардан тазалау.*

*Еңбекқорлыққа баулу.*

## *Картотека № 2*

*Күнді бақылау.*

**Мақсаты:** Күн көзінің жарығы, оның бүкіл табигат үшін пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызызы төмендейтіндігі туралы түсіндіру.

**Еңбек:** «Таза жолдар».

**Мақсаты:** Ойын алаңына барап жолдарды тазалау. Тазалыққа, топ болып еңбек етуге үрету.

**Жеке жұмыс:** Жұмбақ: Ақ сандығым ашилды,  
Ішінен жібек шашылды. (Күн).

**Мақсаты:** Жұмбақ үрету арқылы сөздік қорларын молайту. Ойлау қабілетін арттыру. Тілдік шығармашылыққа тұрақты қызыгуышылығын қалыптастыру.

**Қимылдық ойын:** .«Түйілген орамал»

**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойын әрекетіне деген қызыгуышылықтарын дамытып, ептілікке, қыразылыққа, шашаңдыққа баулу.

### **Картотека № 3**

**Бұлтты бақылау.**

**Мақсаты:** Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрагы Тіреусіз тұрады. (Бұлт).

**Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау

**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту. Еңбекті дәріптей бітуге үйрету.

**Жеке жұмыс:** Бір халық аспанда үшқан, аяғы жоқ, Ұстаган қолдарында таяғы жоқ.

Күніне талай жерге кетер кезіп,  
Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)

**Мақсаты:** Балаларга бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Қимылдық ойын:** «Мені құып жет».

**Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету.

Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.



## Картотека № 4

### Қырауды бақылау.

**Мақсаты:** Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымға тұрған қырауды көрсете таныстыру.

**Жүмбак:** Терезеге қонады,  
Эсем ою ояды. (Қырау).

**Еңбек:** «Таза алаң».

**Мақсаты:** Ойын алаңындағы қарды тазалау. Тазалыққа баулу.

**Еңбексүйгіштікке үрету.**

**Жеке жұмыс:** Аппақ, аппақ қар аппақ,  
Қар жамылған дала аппақ,  
Қырау, қырау тал аппақ,  
Айналаның бері аппақ.

**Мақсаты:** Қыс мезгілінің бейнесін сипаттай білуге үрете  
отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Қимылдық ойын:** «Шымшиқ доп».

**Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауга шақыру.  
Ойнава қызығушылығын арттыру.

## *Картотека № 6*

*Айналадагы адамның қысқы еңбегі.*

*Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында  
улкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру.*

*Тақпақ: Қыстығуні таңертең,*

*Ерте оянып жас бала.*

*«Қар» деп сыртқа қарайды,*

*Көңіл бөлмей басқава.*

*Қимылды ойын: «Ақ қоян».*

*Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.*

*Еңбек: Ауладагы қарды тазалау.*

*Мақсаты: Балаларды еңбекке ынтасын арттыру.*

*Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.*

*Жеке жұмыс: Жазда таудың басында*

*Қыста аяқ астында,*

*Балмұздактан аумаған*

*Бұл не тағы расында? (Қар)*

*Мақсаты: Балаларға жұмбақ жасыра отырып,  
жылдам шешім таба бітүге, есте сактау қабілеттерін  
дамыту.*



## Картотека № 7 Аязды күнді бақылау.

**Мақсаты:** Аяз туралы түсінік берे отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру. Жұқпалы аурулардың микробтарын өлтіруге аяздың қосаруlessі зор екендігін айтуды.

**Ақжы мамық ұлпа қар,**  
**Жамылады қырқалар.**  
**Шымшип аяз бетіңді,**  
**Ширатады етіңді.**

**Қимылды ойын:** «Қар лақтыру».

**Мақсаты:** Балалардың ойынга ынтасын арттыру.

**Еңбек:** Ауладағы қарды жинауды.

**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке баулу. Үлкендердің еңбегін бағалауды, құрметпен қарауды тәрбиелеудү.

**Жеке жұмыс:** Аяз туралы жұмбақ жасаттату.

**Қалы жоқ, сурет салады.**

**Tісі жоқ, тістеп алады. (Аяз).**

**Мақсаты:** Балалардың сөйлеу әрекеттің, есте сактауды, ойлауды қабілеттің арттыру.

## **Картотека № 8**

**Мұзды бақылау.**

**Мақсаты:** Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.

**Еңбек:** Тайғанақ жерге құм себу.

**Мақсаты:** Балаларды бірлесіп жұмыс жасауда баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.

**Жеке жұмыс:** Жаңа жыл туралы тақпақ жасауда.

Жаңа жыл, жаңа жыл,  
Жаңа жылда-жаңа нұр.  
Жасыл шырша жсанында  
Жадырап бар бала жур.

**Мақсаты:** Еске сақтау қабілетін дамыту, сөздерді қатесін дұрыс айтуда уйрету.

**Оны:** «Тышқан мен мысық».

**Мақсаты:** Шашандықта, жылдам шешім қабылдауда уйрету.





## **Картотека № 9**

### **Қырауды бақылау.**

**Мақсаты:** Қырау туралы түсінік қалыптастыру. Талға, сымга тұрған қырауды көрсете таныстырыу.

**Жұмбақ:** Терезеге қонады,  
Әсем ою ояды. (Қырау).

**Еңбек:** «Таза алаң».

**Мақсаты:** Ойын алаңындағы қарды тазалау. Тазалыққа баулу.  
Еңбексүйгіштікке үйрету.

**Жеке жұмыс:** Аппақ, аппақ қар аппақ,  
Қар жамылған дала аппақ,  
Қырау, қырау тал аппақ,  
Айналаның бері аппақ.

**Мақсаты:** Қыс мезгілінің бейнесін сипаттай білуге үйрете  
отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Қимылдық ойын:** «Шымшиқ доп».

**Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру.  
Ойынва қызығушылығын арттыру.

## *Картотека № 10*

*Шыраны бақылау.*

*Мақсаты: Шыраның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру.*

*Тікен-тікен тік пісті  
Қысы-жазы бір түсте.*

*(Шыра)*

*Қимылды ойн: «Қар лақтыру»*

*Мақсаты: Балаларды жақсы мен жаманды ажыратта бітуге, жаман нәрселерден аулақ болуга, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелу.*

*Еңбек: Ауладагы шыра тұптеріне қар үю.*

*Мақсаты: Үйлген қардың көктемде еріп, суга айналатындығын, шыраның ылгалды жағдайда жақсы өсептіндігі туралы айтып, түсіндіру.*

*Жеке жұмыс: Даны нұр, қала нұр.*

*Құтты болсын Жаңа жыл!  
Жасыл шыра жсанында,  
Билеп барлық бала жүр.*

*Мақсаты: Жаңа жыл кеші шырасыз отпейтіні туралы түсіндіру.*

## Картотека № 11

### Күнді бақылау.

**Мақсаты:** Тірі табиғат ушін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызыры тәмендейтіні туралы түсінік беру.

**Еңбек:** «Қыс қызығы».

**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауга тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашилды, Ішінен жібек шашылды. (Күн)

**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.

**Қимылды ойын:** «Айғөлек».

**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.

## *Картотека № 12*

*Қыстап қалатын құстарды бақылау.*

*Мақсаты:* Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мәлімдеме беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық, қатер» деген ұғымды қалыптастырып, қамқорлықпен қарауга үрету.

*Кімдің ойын:* «Кім жылдам?»

*Мақсаты:* Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.

*Еңбек:* Құстарға жем шашу.

*Мақсаты:* Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауга тәрбиелеу.

*Жеке жұмыс:* Қыс келгенде торғайым

*Үй алдына қон дәйім.*

*Ойна, жугір желкілде,*

*Тисем саван оңбаймын.*

*Мақсаты:* Тактақ жаттата отырып, балалардың сөздік көрларының белсенелілігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру.

## Картотека № 13

### Суық торгайды бақылау.

**Мақсаты:** Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жақша ұшып кететінін, ал суықторгайдың бізде мекендерден қалатынын, ол қандай болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторгай деп атағанын түсіндіріп көрсету.

**Еңбек:** «Қар тазалауды үйренеміз»

**Мақсаты:** Қардың жерге қалың түскенін айтып, қарды күреклен күреу арқылы жақ жасап, күректі калай ұстау көректігін үрету.

**Жеке жұмыс:** Торгай,торгай,тоқылдақ

Жерден дәнді шұқып -ап

Бөтекесі бұлтиып,

Шиқ-шиқ етіп отырмак.

**Мақсаты:** Балаларга тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып, сөздік қорларын дамыту.

**Қимылды ойын:** «Қар лақтыру»

**Мақсаты:** Балаларды жақсы мен жаманды ажыратып, жаман нәрселерден аулақ болуга, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.

## *Картотека № 14*

### *Торгайды бақылау.*

**Мақсаты:** Қыста құстардың көпшілігі жылы жақша ұшып кетеді, торгай қыстап қалатын құс, оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру, құстарға қамқор болуга баулу.

**Еңбек:** Құстарға жем шашу.

**Мақсаты:** Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяуышылық пен қарауга баулу.

**Жеке жұмыс:** «Торгай» тақтагын жаттату.

*Торгай, торгай тоқылдақ  
Жерден дәнді шоқып-ап,  
Бөтекесі бұлтыйып,  
Шиқ-шиқ етіп отырмак..*

**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып, сөздік қорлауды молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

**Кімдегі ойын:** «Аттамақ».

**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.

## *Картотека № 15*

*Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.*

**Мақсаты:** *Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, азаши қабығы оларды сұықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.*

**Еңбек:** *Аваштардың түбіне қар үю.*

**Мақсаты:** *Үйілген қардың пайдасын түсіндіру. Көктемде қар еріп суга айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айтуду.*

**Жеке жұмыс:** *Т. Елеусізұлы. «Қысқы қарагай».*

*Қысқы аязға қарамай,  
Көгеріп тұр қарагай.  
Сол секілді төзімді  
Болсам деймін өзімді.*

**Мақсаты:** *Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту.*

**Кіммелдық ойын:** *«Тасымалдау ойыны».*

**Мақсаты:** *Топтасып, тату ойнауга шақыру. Ептілікке баулу.*

## *Картотека № 16*

*Аязды бақылау.*

*Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің сұықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қалымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол ушін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.*

*Еңбек: Ойыншық куректермен қарды күреу.*

*Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауда үлкенге көмек беруді үйрету. Куректі дұрыс ұстауда үйрету.*

*Қымылдық ойын: «Сырганак тебу».*

*Мақсаты: Балаларды үйымишыл тату ойнауга, шанамен ойнауга шақыру, таудан тәмен сырғанау әдісін үйрету.*

*Жеке жұмыс: Жұмбақ,*

*Терезеге қонады,  
Әсем ою ояды. (Аяз).*

*Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.*

## *Картотека № 17*

*Қар аралас жаңбырды бақылау.*

*Мақсаты: Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру.*

*Еңбек: «Қыс қызығы».*

*Мақсаты: Ойын алаңын ата-аналармен бірлесе отырып безендіру, сырғанақ жасау, аққала соғу.*

*Жеке жұмыс: Эн: «Көрікті шыршамыз».*

*Мақсаты: Өлеңді жаттату. Әнімен айтқызу.*

*Қимылды ойын: «Егер...»*

*Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу.*



## **Картотека № 18**

**Аяздың терезеге салған суретін бақылау.**

**Мақсаты:** Балаларға қыста, аязды күндері терезеге аяз-қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру,

**Еңбек:** Біздің аула

**Мақсаты:** Ауладағы қарды тазалау. Газалыққа, үлкеннің еңбегін қадірлеуге үйрету.

**Жеке жұмыс:** Терезеге қонады,

Әсем ою ояды. (Қырау).

**Мақсаты:** Балаларға қыста, аязды күндері терезеге аяз-қысымымен қырау сурет түрінде түсетінін айтып түсіндіру арқылы есте сақтау қабілетін арттыру, тілдік қорын молайту.

**Қимылдық ойын:** «Белбеусоқ».

**Мақсаты:** Топ болып ойнауга үйрету.

**Денені ширатып, сауықтыру.**



## Картотека № 19

Мұздақты бақылау.

**Мақсаты:** *Мұздақтың пайда болу жолын түсіндіру, мұздақтан абай болып жүргуге үйрету.*

**Еңбек:** *Агаш түптеріне қар үю.*

**Мақсаты:** *Еңбекқорлықта үйрету. Жалқаулықтан аулақ болуга шақыру.*

**Жеке жұмыс:** *Жұмбақ жаттату  
“Отқа жанбас,  
Сұва батпас” (мұз)*

**Мақсаты:** *Мұз туралы түсінік беру. Жұмбақ жаттату арқылы сөздік қорын молату. Есте сактау қабілетін дамыту.*

**Қимылдық ойын:** *«Қазан».*

**Мақсаты:** *Бірлесіп ойнауга шақыру.  
Балалардың көңілдерін көтеру.*



## Картотека № 20 Қарды бақылау

**Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айтуду.

**Қар-тусі** ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.

**Ойлау** қабілетін дамыту.

**Тақпак:** *Аппақ көше, бар даға,  
Аппақ ой мен қыраттар.  
Ақ шатырлы қар қала,  
Ақ жамылып тұр бақтар.*

**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау»

**Мақсаты:** Ойынга қызығушылығын арттыру.

**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар ую.

**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып,  
үйлген қардың маңызы туралы түсінік беру.

**Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы» тақырыбында әңгіме құрат

**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын  
жүйелеп жеткізе бітуге үйрету.